



Бағдарламасының
Тік парағы

Нысан
ПМУ ҰС Н 7.18.3/30

Қазақстан Республикасының білім және ғылым
министрлігі

С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік
университеті

Металлургия кафедрасы

«Кәсіби қазақ тілі» пәнінен

5В072400 «Технологиялық машиналар мен жабдықтар»
мамандығында оқитын студенттерге арналған

ОҚУ ЖҰМЫС БАҒДАРЛАМАСЫ

Мамандықтың мемлекеттік жалпыға
міндетті білім беру стандартының
негізінде әзірленген оқу жұмыс
бағдарламасын бекіту парағы



Павлодар
Нысан
ПМУ ҰСН
7.18.3/33

БЕКІТЕМІН

ОІЖ проректор

_____ Н.Э.Пфейфер

«_____» _____ 2012 ж

Құрастырушылар: т.ғ.к., проф. Сүйіндіков М.М. _____
магистр, аға оқытушы Шошай Ж. _____

Металлургия кафедрасы

ОҚУ ЖҰМЫС БАҒДАРЛАМАСЫ

“Кәсіби қазақ тілі” пәні бойынша
5B072400 «Технологиялық машиналар мен жабдықтар»
мамандығында сырттай және күндізгі оқитын студенттерге арналған

Жұмыс бағдарламасы мамандықтың сырттай және күндізгі оқудағы
студенттеріне арналып бекітілген оқу жұмыс жоспары негізінде әзірленді.

Кафедра отырысында ұсынылды, 2013 ж. «_____» _____ №_____, хаттама
Кафедра меңгерушісі _____ М.М. Сүйіндіков 20__ ж. «_____» _____

Металлургия, машинажасау және көлік факультетінің оқу-әдістемелік
кеңесімен мақұлданды хаттама №_____, «_____» _____ 2013 ж.

ОӘК төрағасы _____ Ж.Е. Ахметов 20__ ж. «_____» _____

КЕЛІСІЛДІ:

ММЖК факультетінің деканы _____ Т.Т. Тоқтағанов, 2013 ж. «_____» _____

МАҚҰЛДАНДЫ:

ОӘБ бастығы _____ Е.Н. Жуманкулова, «_____» _____ 2013 ж.

Университеттің оқу-әдістемелік кеңесімен мақұлданды
20__ ж. «_____» _____ №_____ Хаттама

1 Пәннің мақсаты мен міндеттері

1.1 Пәнді оқытудың мақсаты

Пәнді оқытудағы мақсат – болашақ мамандарға металлургия саласындағы кәсіби қазақ тілі туралы түсінік беру, мамандық тілін қазақша меңгерудің тиімді жолдарын көрсету, қазақша металлургия терминдерін меңгеріп, оларды іс жүзінде сауатты түрде пайдалана білуге машықтандыру.

Пәнді оқытудың міндеттері

Пәнді оқытуда қойылатын міндеттер – металлургия саласында кәсіби қазақ тілінде жазу және сөйлеу тәртібі мен мәдениетін көтеру, кәсіби қазақ тілін іс жүзінде пайдалануға машықтандыру.

- Осы пәнді оқу нәтижесінде студенттердің мағлұматтары болуы керек:

- тілдік теория негіздерін;
- металлургияның қазіргі заманғы терминдерінің қолданыс жиілігін;
- кәсіби сөздердің әрқилы жағдаяттардағы қолданыс ерекшеліктерін.

Біліміне, қабілетіне және машықтарына қойылатын талаптар білуі керек:

- лексикалық минимуммен жұмыс істеуді;
- кәсіби қызмет жасау кезінде терминдерді қолдана білуді;
- техникалық құжаттамаларды кәсіби қазақ тілінде құрастырып, жаза білуді.

2 Пререквизиттер

Ақпараттану, сызба геометрия және инженерлік графика, мамандыққа кіріспе және конструкциялық материалдар.

3 Постреквизиттер

Пәнді оқып меңгеру және алған білімі келесі пәндерді ұғынуға қажетті: Құю өндірісі, Жобалау негіздері металлургиялық объектілерді жобалау, металлургиялық жылу техникасы, Металтану және термиялық өңдеу, коррозия және металдарды қорғау.

4 Пәннің мазмұны

4.1 Пәннің тақырыптық жоспары

№ р/р	Тақырыптар атауы	Сабақтар түрлері бойынша тікелей қатынас сағаттары	
		Тәжір.	СӨЖ
1	2	3	4
1.	Кіріспе. Кәсіби тіл негіздері.	2	2
2.	Менделеев кестесіндегі металл атаулары. Металлургия саласындағы жалпылай техникалық терминдер	4	2
3.	Металлургия саласына тиесілі өзіндік терминдер.	2	10
4.	Технологиялық үрдістер мен амалдарға қатысты сөздер (етістіктер)	2	2
5.	Металлургия саласында қолданылатын материалдар мен өнімдер атаулары.	2	2
6.	Қара металлургия саласындағы терминология.	2	2
7.	Түсті металлургия саласындағы терминология.	2	
8.	Техникалық және өндірістік қауіпсіздікке қатысты сөздер мен сөз тіркестері.	2	
9.	Техникалық құжаттамалар тілі (нұсқаулықтар, стандарттар, шарттар және т.б.)	1	10
10.	Техникалық сипаттамалар: параметр атаулары, көрсеткіштер, өлшем, көлем, жылдамдық, кезеңі, құрамы және т.б. Кесте, диаграмма, график және т.б.	2	2
11.	Техникалық әдебиеттегі қысқартылған сөздер мен аббревиатуралар. Халықаралық қысқартулар.	2	12
12.	Жоба жазу ерекшеліктері. Жоба құрылымы мен сипаттамасы.	1	
13.	Патент: оның нысаны мен сипаттамасы. Патент жазуда қолданылатын ғылыми-техникалық және ресми-іскери стильдер ерекшеліктері.	2	2
14.	Арнайы техникалық фразеологизмдер	2	2
15.	Іскери тіл: өтініш түрлері, өмірбаян, түйіндеме, жеке іс парағы, қызметтік хаттар.	2	12
БАРЛЫҒЫ:		30	60

4.2 Пәннің тақырыптар мазмұны

1 тақырып. Кіріспе. Кәсіби тіл негіздері.

Кіріспе. Кәсіби тіл негіздері. Пәнді оқытудағы негізгі мақсаттар мен оның міндеттері. Мамандық тілі туралы түсінік. Кәсіби қазақ тілінің қазақ тілінде жүргізілетін пәндерден ерекшеліктері. Кәсіби қазақ тілін дамыту туралы мағлұмат.

2 тақырып. Менделеев кестесіндегі металл атаулары.

Алтын, мыс, мырыш, күміс және т.б. металдар және олардың қорытпалар атауларын жатқа білу. Олардың физика-механикалық қасиеттерін, қолданылу саласын және халықшаруашылығында алатын орнын сипаттап беруге машықтану. Металлургия саласындағы жалпылай техникалық терминдер.

3 тақырып. Металлургия саласына тиесілі өзіндік терминдер.

Терминдік сөздер туралы ұғым. Термин сөздер категориясы. Әр мамандық пен ғылым саласындағы терминдердің жасалу жүйесі. Терминдердің баламалық ұғымдары және аудармасы, қолданылу аясы. Мамандық бойынша терминдерді талдап, жаттау, қолданып жаттығу.

4 тақырып. Технологиялық үрдістер мен амалдарға қатысты сөздер. Технология саласындағы стильдік ерекшеліктер (етістіктер). Күрделі тіркестер мен қарапайым терминдер. Технологиялық үрдістерді сипаттап жазу, мәтін оқу. Мәтінді орысшадан қазақшаға және қазақшадан орысшаға аудармалау.

5 тақырып. Металлургия саласында қолданылатын материалдар мен өнімдер атаулары. Осы тақырып бойынша терминдер сөздігін құрастыру. Терминдерді пайдаланып мәтін құрастыру. Жазып, оқып машықтану.

6 тақырып. Қара металлургия саласындағы терминология.

Осы тақырып бойынша терминдер сөздігін құрастыру. Терминдерді пайдаланып мәтін құрастыру. Жазып, оқып машықтану. Еркін ойын жеткізуге машықтану. Шойын металлургиясы бойынша термин сөздер. Болат металлургиясында қолданылатын термин сөздер. Ферроқорытпалар өндірісінің термин сөздері.

7 тақырып. Түсті металлургия саласындағы терминология.

Осы тақырып бойынша терминдер сөздігін құрастыру. Түсті металдар өндірісі бойынша негізгі термин сөздерді талдау. Терминдерді пайдаланып мәтін құрастыру. Жазып, оқып машықтану.

8 тақырып. Техникалық және өндірістік қауіпсіздікке, қоршаған ортаны қорғау және металлургияға қатысты сөздер мен сөз тіркестері.

Осы тақырып бойынша терминдер сөздігін құрастыру. Терминдерді пайдаланып мәтін құрастыру. Жазып, оқып машықтану.

9 тақырып. Техникалық құжаттамалар тілі (нұсқаулықтар, стандарттар, шарттар және т.б.)

Кәсіби мәтіннің мазмұнын түсіндіру әдістемесі. Кәсіби тілдегі мәтін және оның ерекшеліктері. Кәсіби мәтіндегі сөздік жұмысы. Кәсіби мәтіндегі аударма практикумы. Мамандық тілін сауатты жазу мен сөйлетудегі амал-әдістер және білімді бақылау формалары (алғашқы, межелік, қорытынды). Кәсіби сөйлеу ортасы және кәсіби іскерлік.

Мамандық тілін сауатты жазу мен мәдениетті сөйлетудегі амал-әдістер және білімді бақылау формалары (алғашқы, межелік, қорытынды). Кәсіби сөйлеу ортасы және кәсіби іскерлік.

10 тақырып. Техникалық сипаттамалар: параметр атаулары, көрсеткіштер, өлшем, көлем, жылдамдық, кезеңі, құрамы және т.б. Кесте, диаграмма, график және т.б.

11 тақырып. Техникалық әдебиеттегі қысқартылған сөздер мен аббревиатуралар. Халықаралық қысқартулар.

Қара және түсті металлургияда қолданылатын қысқартылған сөздер мен аббревиатуралар, халықаралық қысқартулар. Осы тақырып бойынша терминдер сөздігін құрастыру. Терминдерді пайдаланып мәтін құрастыру. Жазып, оқып машықтану.

12 тақырып. Жоба жазу ерекшеліктері. Жоба құрылымы мен сипаттамасы.

Жоба бойынша тақырып құрастыру және әдебиеттер тізімін таңдауға машықтану. Металлургия мамандығы бойынша ғылыми-техникалық әдебиеттер мен мақалаларды қолдануға машықтану. Осы тақырып бойынша терминдер сөздігін құрастыру. Терминдерді пайдаланып мәтін құрастыру. Жазып, оқып машықтану.

13 тақырып. Патент: оның нысаны мен сипаттамасы. Патент жазуда қолданылатын ғылыми-техникалық және ресми-іскери стильдер ерекшеліктері.

Осы тақырып бойынша терминдер сөздігін құрастыру. Терминдерді пайдаланып мәтін құрастыру. Жазып, оқып машықтану.

14 тақырып. Арнайы техникалық фразеологизмдер.

Арнайы техникалық фразеологизмдер. Кәсіби қазақ тіліндегі стильдік ерекшелік. Кәсіби терминдерді қолдану аясына қарай дұрыс айту нормалары. Мамандық бойынша фразеологизмдер ерекшеліктері.

15 тақырып. Іскери тіл: өтініш түрлері, өмірбаян, түйіндеме, жеке іс парағы, қызметтік хаттар.

Кәсіби тілдегі техникалық құжаттамалар түрі. Қазақ тіліндегі кәсіби жиі қолданылатын құжаттар. Құжат түріне қарай оларды құрастыру шарттары мен ерекшеліктері. Кәсіби құжаттарға қойылатын талаптар.

4.3 Студенттің өздік жұмысының мазмұны

4.3.1 СӨЖ түрлерінің тізімі

№	СӨЖ түрі	Есептің түрі	Бақылау түрі	Жұмыс көлемі (сағ)
1	Тәжірибелік сабақтарға дайындалуы, берілген тапсырмаларды орындау үйге	Конспект	Сабаққа қатысу, қорғау	30
2	СӨЖ орындау	Реферат	Ауызша сұрау	10
3	Аудиториялық сабақтан материалдарды меңгеру тыс	Конспект	Ауызша сұрау	10
4	Бақылау шараларына дайындалу		МБ1, МБ2,	10
	Барлығы			60

4.3.2 Студенттерге өздігінен оқып-үйренуге арналған тақырыптар

1 тақырып. Мамандық бойынша терминдермен танысып үйрену.

Терминдік сөздер туралы ұғым. Термин сөздер категориясы. Әр мамандық пен ғылым саласындағы терминдердің жасалу жүйесі. Терминдердің баламалық ұғымдары және аудармасы, қолданылу аясы. Мамандық бойынша терминдерді талдап, жаттау, қолданып жаттығу. [1, 3-15 б. 6, 10-15 б.]

2 тақырып. Кәсіби тілде жиі қолданылатын құжаттар. Оларды жасау, талдау.

Кәсіби тілдегі техникалық құжаттамалар түрі. Қазақ тіліндегі кәсіби жиі қолданылатын құжаттар. Құжат түріне қарай оларды құрастыру шарттары мен ерекшеліктері. Кәсіби құжаттарға қойылатын талаптар. [1, 20-25б. 2, 11-16 б.]

3 тақырып. Ауызша және жазбаша кәсіби тілде сөйлеу тәртібімен мәдениетін қалыптастыру.

Мамандық тілін сауатты жазу мен мәдениетті сөйлетудегі амал-әдістер. Кәсіби сөйлеу ортасы және кәсіби іскерлік. [1, 12-23 б. 2, 3-10 б.]

4 тақырып. Практикалық бағытта жазу мәдениетін қалыптастыру және аударма ісі (реферат, жарнама және т.б.).

Кәсіби мәтіннің мазмұнын түсіндіру әдістемесі. Кәсіби тілдегі мәтін және оның ерекшеліктері. Кәсіби мәтіндегі сөздік жұмысы. Кәсіби

мәтіндегі аударма практикумы. Мамандық тілін сауатты жазу мен сөйлетудегі амал-әдістер және білімді бақылау формалары (алғашқы, межелік, қорытынды). Кәсіби сөйлеу ортасы және кәсіби іскерлік. [1, 15-25 б. 3, 6-15 б.]

5 Әдебиеттер тізімі

5.1 Негізгі:

1. Бектурова А.Ш., Бектуров Ш.К. Казахский язык для всех. Алматы: Атамұра, 2004. – 720 стр.
2. Қазақша-орысша тақырыптық сөздік – Казахско-русский тематический словарь./ Сост. У.А. Жанпеисова/ - Алматы: Sansam, 2008. – 176 с.
3. Ресми-іскери тіл: Қазақша-орысша тіркесімдер сөздігі – Официально-деловой язык: казахско-русский словарь сочетаемости –Алматы: «Издательство «Арман-ПВ», 2005. – 376 с.
4. Құдайбергенов Р. Техникалық терминдер сөздігі: 50 мыңға жуық термин. Төрт бөлім. – Алматы: «Таймас» баспа үйі, 2009. – 616 б. Қазақша, орысша, немісше, ағылшынша.
5. Құдайбергенов Р. Техникалық көптілдік сөздік: 50 мыңға жуық терминдер. Төрт бөлімнен. – Астана, 2008. – 800 б. Қазақша, орысша, немісше, ағылшынша.
6. Тусипбек М.Р., Кусаинов А.К. Русско-казахско-английский политехнический словарь: более 80000 терминов и словосочетаний: в 2-х т.: Т.1 – Алматы: Rond&A, 2010. -740 с.
7. Тусипбек М.Р., Кусаинов А.К. Русско-казахско-английский политехнический словарь: более 80000 терминов и словосочетаний: в 2-х т.: Т.2 – Алматы: Rond&A, 2010. -720 с.
8. Қазақша-орысша, орысша-қазақша терминологиялық сөздік: Металлургия және кен ісі/жалпы ред.басқарған А.Қ.Құсайынов –Алматы, 2000 –288 бет.
9. Орысша-қазақша түсіндірме сөздік: Металлургия /Жалпы ред. басқарған проф. Е.Арын –Павлодар, 2002 –65 бет.



Нысан
ПМУ ҰС Н 7.18.1/10

5В070900 Металлургия
Мамандықтарының жұмыс бабындағы оқу жоспарынан үзінді көшірме
Пән атауы Кәсіби қазақ тілі

Оқу насаны	Пәннің еңбек сыйымдылығы			Семестр бойынша бақылау түрлері				Семестр	Семестр бойынша студенттердің жұмысының көлемі							
	кредиттер	Академиялық сағат							Аудиториялық сабақ (ак. сағат)				СӨЖ (ак. сағат)			
		барлығы	ауд	СӨЖ	емт.	сын	КЖ-а		КЖ-с	кредиттер	барлығы	дәр	пр.	зертх	барлығы	СОӨЖ
ЖОБ негізіндегі күндізгі	2	90	30	60	3	-	-	-	3	2	90		30		60	
ОКБ негізіндегі сырттай	2	90	12	78	4	-	-	-	4	2	90		12		78	

Кафедра меңгерушісі _____ Сүйіндіков М.М. 20__ж. «__» _____

